

ESG РЕЙТИНГТЕРІ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ РЕЙТИНГТЕР

ҚОР ТОБЫНЫҢ ПОРТФЕЛЬ-
ДІК КОМПАНИЯЛАРЫ GRI
(АҒЫЛШ. GLOBAL REPORTING
INITIATIVE), TCFD (АҒЫЛШ. TASK
FORCE ON CLIMATE-RELATED
FINANCIAL DISCLOSURES)
ЖӘНЕ CDP (АҒЫЛШ. CARBON
DISCLOSURE PROJECT) СИЯҚТЫ
ОЗЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАН-
ДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ЖЫЛ
САЙЫНҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС
ЕСЕПТІЛІКТІ (ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ) ДАЙЫНДА-
УДЫ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗЕДІ.

Бизнестегі нақты өзгерістерді қадағалауға мүмкіндік беретін құрал ретінде бизнесті жүргізудің әлеуметтік және экологиялық аспектілерін бағалау мен басқаруда шешуші рөл атқаратын ESG-рейтингтерін (Environmental, Social, Governance) алу тәжірибесі енгізілді.

Қордың даму жоспары ірі портфельдік компаниялардың алдына 2032 жылға қарай ESG-рейтинг көрсеткіштері бойынша 70% перцентильге кіруге қол жеткізу міндетін қойды.

Есепті жылы Қор және портфельдік компаниялар халықаралық рейтингтік агенттіктерден мынадай рейтингтер алды:

SUSTAINALYTICS агенттігінен ESG тәуекел рейтингі:

- ◆ «QazaqGaz» ҰК» АҚ – 19,2 балл (төмен тәуекел);
- ◆ «Самұрық-Қазына» АҚ – 22,9 балл (орташа тәуекел);
- ◆ «Самұрық-Энерго» АҚ – 24,1 балл (орташа тәуекел);
- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 32,3 балл (жоғары тәуекел).

S&P Global агенттігі ұсынған «S&P Global CSA Score 2023»:

- ◆ «KEGOC» АҚ – 51/100;
- ◆ «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ – 54/100;
- ◆ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – 43/100.

CDP климаттық рейтингтері:

- ◆ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – В
- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – С
- ◆ «Самұрық-Энерго» АҚ – D
- ◆ «QazaqGaz» ҰК» АҚ – D

Бұл бағалар Қорға және оның портфельдік компанияларына тәуекелдерді азайту және әлеуметтік және экологиялық тиімділікті арттыру мақсатында негізделген шешімдер қабылдауға және тұрақты даму саласында күш салуға көмектеседі.

Мүдделі тараптардың Қордың ESG-көрсеткіштеріне қызығушылығының артуын ескере отырып, 2024 жылы Қордың тұрақты даму туралы есебін тәуелсіз растау жоспарлануда. Бұл жетілдіру барлық мүдделі тараптарға сапалы және пайдалы ақпарат беруге бағытталған.